ресурсты тілдер қатарына жатады, өйткені оған арналған ашық аудио-мәтін корпустарының жалпы көлемі 1000 сағаттан аспайды. Осы жұмыста қазақ тіліне арналған деректер көлемін кеңейту, олардың сапасын артық символдардан тазарту, сондай-ақ жинақталған 396 сағаттық деректерді Conformer-энкодер негізінде нейрондық архитектураны оқыту мақсатында зерттеу жүргізілді. Зерттеу барысында деректерді алдын ала өңдеудің қолданыстағы әдістеріне кешенді талдау жасалды, оларды автоматты түрде тазарту процесі іске асырылды, сондай-ақ сөйлеуді тану жүйесін эксперименттік оқыту жүргізілді. Жүргізілген эксперименттер ұсынылған әдістің сөйлеуді тану сапасын WER 20.4%-22.4% және CER 8.2%-9.3% деңгейінде қамтамасыз ететінін көрсетті, бұл Conformer архитектурасының қазақ тіліне қолдануға жарамдылығын дәлелдейді. Сонымен қатар, қазақ тілінің агглютинативті морфологиясын өңдеуге байланысты негізгі қиындықтар қарастырылды және оларды заманауи нейрондық архитектуралар аясында шешу жолдары ұсынылды.

Түйін сөздер: сөйлеуді тану, интегралды оқыту, аз ресурсты тілдер, зейін механизмі, сөйлеуді тану үшін ақпарат дайындау, қосылымдық уақытша классификациялау

***Қаржыландыру:** Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі, Ғылым комитетімен қаржыландырған (Грант № BR24992875).*

**©А. Бекарыстанкызы, О. Мамырбаев, Д. Оралбекова*,
А. Еримбетова, М. Турдалыұлы, 2025.**

Институт информационных и вычислительных технологий КН МНВО РК,
Алматы, Казахстан.
E-mail: dinaoral@mail.ru

ТЕСТИРОВАНИЕ КОРПУСА ДАННЫХ В ВИДЕ АУДИО-ТЕКСТ НА КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ CONFORMER

А. Бекарыстанкызы — PhD, старший научный сотрудник Института информационных и вычислительных технологий, Алматы, Казахстан,
E-mail: akbayan.b@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-3984-2718;

О. Мамырбаев — PhD, профессор, заместитель генерального директора Института информационных и вычислительных технологий, Алматы, Казахстан,
E-mail: morkenj@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-8318-3794;

Д. Оралбекова — PhD, старший научный сотрудник Института информационных и вычислительных технологий, Алматы, Казахстан,
E-mail: dinaoral@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-4975-6493;

А. Еримбетова — PhD, к.т.н., ассоциированный профессор, ведущий научный сотрудник Института информационных и вычислительных технологий, Алматы, Казахстан,
E-mail: aigerian8888@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-2013-1513;

М. Турдалыұлы — PhD, старший научный сотрудник Института информационных и вычислительных технологий, Алматы, Казахстан,
E-mail: m.turdalyuly@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-1470-3706.

Аннотация. В настоящее время системы распознавания речи широко внедряются во все сферы жизни, включая умных помощников, программное обеспечение для людей с ограниченными возможностями, а также голосовой поиск в интернете. Эти технологии значительно упрощают взаимодействие пользователей с компьютерными системами. Однако такие достижения в обработке речи в основном доступны только для английского, русского и других распространенных языков, тогда как для малоресурсных языков они остаются недоступными. Одна из ключевых причин этого заключается в дефиците аудиотекстовых данных, необходимых для обучения систем автоматического распознавания речи. Сбор такого рода данных представляет собой сложный и затратный процесс, что делает их доступность ограниченной или даже коммерчески недоступной. В результате для многих языков технологии распознавания речи остаются недоступными. Казахский язык также относится к малоресурсным языкам, поскольку объем открытых аудиотекстовых корпусов для него не превышает 1000 часов. В данной работе предпринята попытка расширить объем данных для казахского языка, улучшить их качество путем очистки от лишних символов, а также обучить нейронную архитектуру на основе Conformer-энкодера с использованием 396 часов собранных данных. В ходе исследования был проведен комплексный анализ существующих методов предобработки данных, реализована процедура их автоматической очистки и проведено экспериментальное обучение системы распознавания речи. Проведенные эксперименты показали, что предложенный подход обеспечивает качество распознавания с WER на уровне 20.4%-22.4% и CER 8.2%-9.3%, что подтверждает применимость Conformer-архитектуры для казахского языка. Кроме того, были рассмотрены основные вопросы, связанные с обработкой агглютинативной морфологии казахского языка, и предложены методы их решения в рамках современных нейросетевых архитектур.

Ключевые слова: распознавание речи, интегральное обучение, малоресурсные языки, механизм внимания, подготовка данных для распознавания речи, коннекционная временная классификация

Кіріспе. Автоматты сөйлеуді тану технологиялары қазіргі заманғы цифрлық сервистердің ажырамас бөлігіне айналып, ақылды дауыс көмекшілерінде, дауыстық іздеу жүйелерінде, автоматты субтитрлеу жүйелерінде және мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған арнайы шешімдерде кеңінен қолданылады. Мұндай технологиялардың дамуы үлкен көлемдегі сапалы аудио және мәтіндік деректердің қолжетімділігіне, сондай-ақ қуатты нейрондық архитектураларға тәуелді. Алайда, қазақ тілі сияқты аз ресурсты тілдер үшін қолжетімді корпустардың көлемі шектеулі болып қала береді, бұл өз кезегінде осы бағыттағы зерттеулердің ілгерілеуін тежейді. Қазақ тіліндегі автоматты сөйлеуді тану бірқатар ерекшеліктерге байланысты қиындықтарға тап болады. Олардың қатарында тілдің агглютинативті табиғаты, морфологиясының

күрделілігі және таңбаланған аудиодеректердің жетіспеушілігі бар. Кең таралған ағылшын және қытай тілдерінен айырмашылығы, қазақ тілі үшін ашық қолжетімді аудио-мәтіндік корпустар жеткіліксіз, бұл қолданыстағы модельдерді оқыту және тестілеу мүмкіндіктерін шектейді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы қазақ тілі үшін жаңа деректер қорын құру және оны тестілеу, сондай-ақ Conformer архитектурасының автоматты сөйлеуді тану моделін оқытудағы тиімділігін зерттеу болып табылады. Бұл архитектура өзіне конволюциялық қабақтар мен зейін механизмдерінің артықшылықтарын біріктіреді, бұл әсіресе ресурстары шектеулі тілдер үшін тану дәлдігін арттыруға мүмкіндік береді. Зерттеудің негізгі мақсаты Conformer нейрондық архитектурасы негізінде қазақ тіліндегі автоматты сөйлеуді тану жүйесін әзірлеу және оның сапасын бағалаумен байланысты.

Бұл мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- Табиғи жағдайларда жазылған қазақ тіліндегі 396 сағаттық аудиодеректер корпусын жинау және өңдеу.

- Деректерді автоматтандырылған тазалау процесін жүргізіп, шуды, таңбалау қателерін және қажетсіз символдарды жою.

- Conformer энкодерін пайдалана отырып, сөйлеуді тану моделін оқыту және оны сынақ деректерінде бағалау.

- Қазақ тілінің морфологиялық ерекшеліктерінің модель жұмысына әсерін талдап, оларды архитектураға енгізу жолдарын ұсыну.

Осылайша, бұл зерттеу қазақ тіліндегі автоматты сөйлеуді тану үшін қолжетімді ресурстарды кеңейтуге және шектеулі дерек көлемі жағдайында заманауи нейрондық шешімдердің мүмкіндіктерін талдауға бағытталған.

Әдебиетке шолу. Қазақ тілі аз ресурсты агглютинативті түркі тілдер қатарына жатады. Жалпы алғанда түркі тілдер отбасына жататын тілдердің барлығы да агглютинативті тілдер тобының өкілі болып табылады және олардың барлығына дерлігі ресурстары аз тілдер өкілі (Mamurbayev, et al., 2022). Бұл тілдер үшін аудио-мәтін жұбы түріндегі ақпараттар тапшылығы себепті оларды аз ресурсты тілдер деп атайды. Мысал үшін көпке қол жетімді үлкен корпустардың бірі болып өзбек тілінің Open-Source Uzbek Speech Corpus (Musaev, et al., 2021) корпусы бар болғаны 105 сағаттан тұрады және өзбек тілінде Mozilla-ның Common Voice жобасының аясында жинақталған 258 сағаттық ақпараты бар. Common Voice дегеніміз Mozilla-ның әлем халықтарының тілдерінің аудио ақпаратын мәтінімен жұптастырып жинау және көпке қол жетімді етуге арналған жобасы. Бұл жобаны дамытуға кез-келген ерікті қатыса алады. Қазақ тілі үшін ISAAI-дың 600 мың сөйлемнен тұратын 1200 сағаттық корпусы бар (Mussakhojayeva, et al., 2022). Ал басқа түркі тілдерінің ақпаратын тек Common Voice-тан ғана табуға болады.

Қазақ тілінде сөйлеуді тануға арналған біршама зерттеу жұмыстары бар. Мысалы, кейбір жұмыстар сөйлеуді тануды жақсы танымал рекурренттік нейронды жүйелерді қолдану (Ren, et al., 2022) арқылы және біреулері біртұтас гибридік нейрондық жүйелер архитектурасын қолдану (Mamurbayev, et al.,

2022) арқылы жетілдіріп көрген. Бір еңбекте орыс тілінің моделін қолданып трансфер оқыту жүргізу арқылы қазақ тілін тануды дамыту қарастырылған болса (Kuanysbay, et al., 2020), енді бір жұмыс туыстық тілдер тобына жататын қазақ тілі мен әзірбайжан тілдерін өзара трансферлік оқыту жүргізіп дамытқан (Chang, et al., 2024; Mussakhoyayeva, et al., 2023). Басқа бір жұмыста қазақ тілі өзге түркі тілдерімен бірге оқытылады. Бұл еңбектердің барлығы да өздеріне дейін жүргізілген жұмыстарға қарағанда жақсы нәтижеге қол жеткізген. Және барлығын пайымдай келе оқытатын ақпарат неғұрлым көп болған сайын сөйлеуді тану ұқыптылығы соғұрлым артатынын байқауға болады.


Трансферлік оқыту оқытуды баптау әдісі сөйлеуді автоматты түрде тану жүйесін алуды күрделендіріп жіберетін болғандықтан және тілдерді біріктіріп оқыту акустикалық модельді дамытқанмен нақты бір тілде сөйлеуді қысқа контекстте анықтау қатесі ықтималдығы жоғары болған себепті нақты бір тілдер үшін «Таза» ақпарат жинау өзектілігі жойылған жоқ. Сондықтан осы зерттеу жұмысы аясында қазақ тілінің корпусын үлкейту жұмысы да қатар жүргізілді.

Қазақ тілі үшін сөйлеуді тану жүйесін алуға Transformer архитектурасын қолдану жақсы нәтиже берген (Orken, et al., 2022). Бұл жұмыста символар қатесі деңгейі 3.7% пайызды көрсеткен. Трансформер архитектурасының конволюциялық сәйкестендіруді қолдану арқылы жетілдірілген түрі конформер деп аталады және ол мына Liu Yi et. al. зерттеуінде (Liu, et al., 2021) трансформерге қарағанда 10%-ға жақсы нәтиже көрсеткен. Конформер нейрондық архитектурасы ESPNet платформасында үлкен көлемді ақпаратты қолданып сөйлеуді автоматты түрде тануға жүйені алу механизмі жақсы ұйымдастырылған және ол жердегі конформер архитектурасы агглютинативтік тілдер үшін жақсы нәтиже берген. 2018 жылы ұсынылған (Watanabe, et al., 2018) ESPNet терең нейрондық жүйелерге негізделген, сөйлеуді автоматты түрде танитын модельдер алуға негізделген құрал. ESPNet-тің конформер типті шифраторы мен трансформер типті декодері аз ресурсты тілдер үшін 15%-дан жоғары жақсы нәтиже көрсеткен (Guo, 2021). Конформер типті шифраторды көп тілді бірге оқыту тәжірибесінде қолданған кезде ол басқа модельдерге қарағанда жақсы нәтиже берген (Burchi, et al., 2024; Li, et al., 2025; Qin, et al., 2025). Сондықтан жинақталған ақпараттың нейрондық оқытуға жарамды екендігін сынау мақсатында Conformer-encoder және Transformer decoder архитектурасы таңдалды.

Әдістер мен материалдар. Зерттеу барысында мәліметтерді жинау, өңдеу және оларды сөйлеуді тану жүйесін оқытуға дайындау кезеңдері кешенді түрде жүргізілді. Мәліметтерді алдын ала өңдеу, оның ішінде аудио жазбаларды филтрлеу, мәтіндерді тазарту және оларды сәйкестендіру қадамдары автоматтандырылған әдістер арқылы жүзеге асырылды. Қазақ тілінің ерекшеліктерін ескере отырып, агглютинативті морфологияға бейімделген деректерді таңбалау және корпусқа енгізу процестері жасалды.

Аудиофайлдарды белгілеу кезінде адам факторының әсерін азайту үшін арнайы кодтау және тексеру алгоритмдері қолданылды. Сонымен қатар, қазақ тілінің ауызекі сөйлеу ерекшеліктерін ескеретін мәліметтерді жинауға басымдық берілді. Осы процестердің барлығы алынған деректердің сапасын жақсартуға, сөйлеуді тану жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталды. Деректерді тиімді өңдеу үшін Ffmpeg және Python тіліндегі арнайы скрипттер пайдаланылды. Аудиофайлдарды алдын ала өңдеу кезінде шуды азайту, жиілікті өзгерту және артық дыбыстарды сүзу жұмыстары жүргізілді. Сонымен бірге, қазақ тіліне тән фонетикалық ерекшеліктерді ескеретін жаңа әдістер қарастырылды. Бұл зерттеу қазақ тілі үшін сапалы және кеңейтілген аудио-мәтіндік корпус құруға бағытталған маңызды қадам болды (Mamyrbayev, et al., 2020).

Мәліметтер жинау. Қазақ тілінде сөйлеуді тануды жан жақты жетілдіру үшін 195 сағаттық телефон диалогтары және Zoom және Google meet арқылы өткен онлайн жиналыстарының аудио файлдары жинақталып, одан ары өңделді. Телефон диалогтарын өңдеу барысында аудио файлдар алдымен екі каналды аудиодан ffmpeg бағдарламалық жабдық көмегімен екі жалқы каналдарға бөлінді де, әр каналдың аудио мәліметі бөлек файлға жазылды (сур. 1). Каналдарға бөлінген аудиофайлдар ары қарай ұзақтығы 8 секунд болатын қысқа аудиоларға қиылды. Осы аудиофайлдар ары қарай мәтіндік белгілеу үшін қолданылды.



Сурет 1 - Екі каналды аудио жазбаларды жеке каналдарға бөлу

Аудиофайлдарды өңдеу скриптiсi C++ тiлiнде жазылды. Дегенмен, бұл скрипт жолдары басқа бағдарламалау тiлдерiнде қолдануға да жарайды.

1. Файлдарды каналдарға бөлуге арналған скрипт жолы: `str += string("ffmpeg -i " + filename + " -map_channel 0.0.0 " + left + " -map_channel 0.0.1 " + right + " -report");`

2. Файлдарды 8 секундтық файлдарға қиюға арналған скрипт жолы: `lstr="ffmpeg -i "+left+ " -f segment -segment_time 8 "+trunk_path+ltmp+"%03d.wav";`

3. Файлдар жиілігін өзгертуге арналған скрипт жолы: `str += string("ffmpeg -i " + filename + " -ar 16000 " + out.`

Мәтіндерді тазалау. Жинақталған аудио файлдардың мәтіндерін таңбалауға 100-ден астам студенттер мен мамандар қатысқан себепті адами

факторлар алынған мәтіндер сапасына үлкен әсер ететіні анық. Мәтіндермен жұмыс жасау барысында таңбалауға қатысқан адамдардың мәтіндерді 3 түрлі кодировкалардың бірінде таңбалағаны анықталды. Олар: UTF-8, UTF-16, rk1048. Мәтін машиналық оқытуға жарамды болуы үшін UTF-8 форматына келтірілуі керек. Сондықтан үш түрлі кодировкадағы ақпаратты біркелкі UTF-8 форматына келтіру үшін скрипт дайындалды. Скрипт жазуға Python тілі таңдалды. Себебі бұл тіл үнсіз келісім бойынша мәтінді байттарға ауыстыру барысында UTF-8 кодировкасында сақталған жазудың барлығына қате шығарып, өңдеу блогына жібереді. Ары қарай қатені өңдеу блогына түскен файлдың барлығы бас жағында `b'\xef\xbb'`, `b'\xff\xfe'` байттарының бар кездесуіне қарай UTF-8, UTF-16 или же rk1048 кодировкаларынан жолдарға түрлендірілді. Байттар массивінің бастауыш байттарына қарай кодировка таңдау бағдарламасының мысалы 2-суретте келтірілген.

```
try:
    if bytes.startswith(b'\xef\xbb'):
        bytes = bytes.replace(b'\xef\xbb', b'')
        print(bytes)
        sentence = str(bytes, 'UTF-8')
    elif bytes.startswith(b'\xff\xfe'):
        bytes = bytes.replace(b'\xff\xfe', b'')
        print(bytes)
        sentence = str(bytes, 'UTF-16')
    else:
        sentence = str(bytes, 'rk1048')

    if sentence == "":...
    else:...
except:|
    txt_file_path = str(subdir + "/" + main_title + ".txt")
    os.system("cp " + full + " " + after_broken_dir)
    os.system("cp " + txt_file_path + " " + after_broken_dir)
```

Сурет 2 - UTF-8 кодировка түрімен тікелей декодтау әрекетінен кейін қатені өңдеу блогына жіберілген файлдардың байттары үшін кодировка таңдауға арналған кодтың мысалы

Мәтінді түрлі кодировкаларда сақталған файлдардан жинақтап болған кезде кодировкалар белгілері, жасырын символдар, артық символдар секілді артық оқыту үрдісіне кедергі келтіретін қосымша факторлар пайда болды. Сондықтан мәтінді олардан тазарту керек болды: `'\u200c'`, `'\u0x00'` және т.б. артық символдар мәтіннен өшірілді. Олардан тазалау үшін скрипттің келесі бөлігі пайдаланылды (сур. 3):

```
import unicodedata, re, itertools, sys

all_chars = (chr(i) for i in range(sys.maxunicode))
categories = {'Cc'}
control_chars = ''.join(c for c in all_chars if unicodedata.category(c) in categories)
# or equivalently and much more efficiently
control_chars = ''.join(map(chr, itertools.chain(range(0x00,0x20), range(0x7f,0xa0))))

control_char_re = re.compile('[%s]' % re.escape(control_chars))

def remove_control_chars(s):
    return control_char_re.sub('', s)
```

Сурет 3 - Мәтіннен көрінбейтін символдарды өшіру

Алынған мәліметтер корпусын пайдаланып интегралды сөйлеуді автоматты түрде танитын модель алу. Барлық керек мәліметтерді біріктіріп, өңдеп болғаннан кейін негізгі жұмыс сөйлеуді автоматты түрде тани алатын модельді оқыту үрдісі жүзеге асты. Интегралды модельді алу құралы ретінде ESPNet таңдап алынды. Конформер шифраторы мен трансформер дешифраторын қолданатын архитектура таңдап алынды. Енгізілген аудио ақпарат конволюциялық нейрондық жүйелер көмегімен өңделеді де, шифраторда жасырын қабаттар алу үшін Bi-LSTM нейрондық жүйесі қолданылады. Дешифратор қосылымдық уақытша классификациялаумен бірге зейін механизмін қолданады, оған қосымша декодтау кезінде тілдік модельдің де үлес салмағы 0,3 коэффициентпен есепке алынады. Эксперименттің мақсаты алынған мәліметтер жүйесінің оқытуға жарамдылығын тексеруге негізделген болғандықтан архитектураның басқа параметрлеріне жіті таңдау жасалмады.

Нәтижелер және оларды талқылау. Алынған модель жинақталған мәліметтер сапасының сөйлеуді автоматты түрде тануға арналған машиналық оқытуға жарамды екендігін көрсетті. Модель параметрлері жіті таңдалмағанның өзінде модель дәлдігі ақылға сыйымды мәндер аясында алынды (кесте 1).

Кесте 1 - Алынған мәліметтерді Conformer нейрондық жүйесінде оқыту нәтижелері

Сынаушы мәліметтер жиыны	WER (%)	CER (%)
Train	20,4	8,2
Test	22,4	9,3

Эксперименттік зерттеулер көрсеткендей, Conformer-шифраторы мен Transformer-дешифраторы негізінде құрылған сөйлеуді тану жүйесі қазақ тілі үшін қолайлы нәтижелер көрсетті. WER (Word Error Rate) және CER (Character Error Rate) көрсеткіштері қазіргі қолжетімді қазақ тіліне арналған

мәліметтер жиынтығы мен архитектураларға негізделген жүйелермен салыстырғанда жақсы нәтиже көрсетті. WER мәні 20.4%-22.4% аралығында болса, CER мәні 8.2%-9.3% құрады. Бұл нәтижелер жинақталған мәліметтер сапасының жоғары екенін және оларды әрі қарай жетілдіру арқылы одан да жоғары дәлдікке қол жеткізуге болатынын көрсетеді.

Жинақталған 396 сағаттық шынайы табиғи жағдайда жинақталып, мұқият өңделген ақпараттар жиыны сөйлеуді тану саласында болашақта жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізуге өте үлкен септігін тигізетін өте құнды материал болып табылады. Сонымен қатар осы мақалада келтірілген код фрагменттері басқа да зерттеушілерге өздеріне қажетті мәліметтер жинауда айтарлықтай көмек бола алады. Қазіргі нәтижелер қанағаттанарлық болғанымен, тілдік модельдерді жетілдіру, арнайы адаптацияланған Conformer-нұсқаларын енгізу және үлкен көлемді деректермен оқыту арқылы қателер деңгейін төмендету жолдары қарастырылуы керек. Қазақ тілін басқа түркі тілдерімен біріктіріп оқыту нәтижесінде сөйлеуді тану жүйесінің дәлдігін арттыруға мүмкіндік бар.

Қорытынды: Сөйлеуді тану жүйесін құруға қажетті модельді алу да машиналық оқытудың басқа түрлері сияқты сәйкес мәліметтер қорын талап етеді. Бірақ аудио-мәтін түріндегі шынайы ортада жинақталған ақпаратты өңдеп, жұмысқа жарамды күйге келтіру ақпарат жинау түрлерінің ең күрделілерінің бірі. Авторлардың 1 жылдам астам уақытта жинақтап, өңделіп және таңбаланған 396 сағаттық мәліметтер қоры қазақ тілінде сөйлеуді тану жүйелерін құру мақсатындағы тәжірибелерге қолдануға, қазіргі таңда бас өзге де мәліметтер қорын кеңейтуге жарамды материал болып табылады. Ақпараттар қорын сынау мақсатында жүргізілген тәжірибелер нәтижесі осының дәлелі.

Қазақ тілі үшін ашық қолжетімді аудио-мәтін мәліметтер көлемінің шектеулі болуына байланысты, осы зерттеуде жасалған корпус болашақта басқа зерттеулер мен коммерциялық жобаларға негіз бола алады. Ұсынылған деректерді өңдеу әдістері қазақ тіліндегі сөйлеу деректерін белгілеу мен алдын ала өңдеу сапасын арттырып, мәліметтер жинаудың жалпы тиімділігін жоғарылатады. Зерттеуде қазақ тілінің агглютинативті морфологиясына қатысты негізгі мәселелер қарастырылды және оларды шешудің жолдары ұсынылды.

Бұл зерттеу қазақ тіліндегі автоматты сөйлеуді тану жүйелерін дамытудың маңызды кезеңі болып табылады. Алдағы уақытта алынған мәліметтер қорын кеңейтіп, оны әртүрлі архитектураларда тестілеу арқылы қазақ тіліндегі тану жүйелерін одан әрі жетілдіру жоспарлануда.

References

- Burchi M., Puvvada K.C., Balam J., Ginsburg B., Timofte R. (2024) Multilingual Audio-Visual Speech Recognition with Hybrid CTC/RNN-T Fast Conformer. — ICASSP 2024. IEEE International Conference on Acoustics, Speech and Signal Processing (ICASSP). — P. 10211-10215. (in English)
- Chang O., Liao H., Serdyuk D., Shah A., Siohan O. (2024) Conformer is All You Need for Visual

Speech Recognition. ICASSP 2024 - 2024 IEEE International Conference on Acoustics, Speech and Signal Processing (ICASSP). — P. 10136-10140, doi: 10.1109/ICASSP48485.2024.10446532. (in English)

Guo P. (2021) Recent Developments on Espnet Toolkit Boosted By Conformer. ICASSP 2021 - 2021 IEEE International Conference on Acoustics, Speech and Signal Processing (ICASSP). — P. 5874-5878, doi: 10.1109/ICASSP39728.2021.9414858. (in English)

Kuanyshbay D., Amirgaliyev Y., Baimuratov O. (2020) Development of Automatic Speech Recognition for Kazakh Language using Transfer Learning. International Journal of Advanced Trends in Computer Science and Engineering 9. — P. 5880–5886. (in English)

Li M., Liu Y., Zhou L. (2025) DeConformer-SENet: An efficient deformable conformer speech enhancement network. Digit. Signal Process. — 156, PA (Jan 2025). <https://doi.org/10.1016/j.dsp.2024.104787>. (in English)

Liu Y., Han E., Lee Ch., Stolcke A. (2021) End-to-End Neural Diarization: From Transformer to Conformer. - P. 3081-3085. 10.21437. Interspeech. —2021. — P.1909. (in English)

Mamyrbayev O., Alimhan K., Oralbekova D., Bekarystankyzy A., Zhumazhanov B. (2022) Identifying the influence of transfer learning method in developing an end-to-end automatic speech recognition system with a low data level. Eastern-European Journal of Enterprise Technologies. — 1 (9 (115)). — P. 84–92. doi: <https://doi.org/10.15587/1729-4061.2022.252801>. (in English)

Mamyrbayev O., Oralbekova D., Alimhan K., Nuranbayeva B. (2022) Hybrid end-to-end model for Kazakh speech recognition. International Journal of Speech Technology 08. — P. 1–10. (in English)

Mamyrbayev O., Oralbekova D. (2020) Modern trends in the development of speech recognition systems // News of the National academy of sciences of the republic of Kazakhstan. — Vol. 4. — № 332. — P. 42-51. <https://doi.org/10.32014/2020.2518-1726.64>. (in English)

Musaev M., Mussakhoyayeva S., Khujayorov I., Khassanov Y., Ochilov M., Atakan Varol H. (2021) USC: An Open-Source Uzbek Speech Corpus and Initial Speech Recognition Experiments. In: Karpov, A., Potapova, R. (eds) Speech and Computer. SPECOM 2021. Lecture Notes in Computer Science, vol 12997. Springer, Cham. https://doi.org/10.1007/978-3-030-87802-3_40. (in English)

Mussakhoyayeva S., Khassanov Y., Varol H.A. (2022) KSC2: An Industrial-Scale Open-Source Kazakh Speech Corpus. In: Proceedings of the 23rd INTERSPEECH Conference. — P. 1367-1371. (in English)

Mussakhoyayeva S., Dauletbek K., Yeshpanov R., Varol H.A. (2023) Multilingual Speech Recognition for Turkic Languages. Information 14(2). — 74p. <https://doi.org/10.3390/info14020074>. (in English)

Orken M., Oralbekova D., Alimhan K., Tolganay T., Othman M. (2022) A study of transformer-based end-to-end speech recognition system for Kazakh language. — Scientific reports 12, 8337. <https://doi.org/10.1038/s41598-022-12260-y>. (in English)

Ren Z., Yolwas N., Slamun W., Cao R., Wang H. (2022) Improving Hybrid CTC/Attention Architecture for Agglutinative Language Speech Recognition. — Sensors 22. —P. 7319. (in English)

Qin Y., Yu F. (2025) An End-To-End Speech Recognition Model for the North Shaanxi Dialect: Design and Evaluation. Sensors. — 2025; 25(2):341. <https://doi.org/10.3390/s25020341>. (in English)

Watanabe S., Hori T., Karita S., Hayashi T., Nishitoba J., Unno Y., Ochiai T. (2018) Espnet: End-to-end speech processing toolkit. arXiv preprint arXiv:1804.00015. (in English)

Watanabe S., Boyer F., Chang X., Guo P., Hayashi T., Higuchi Y., Hori T., Huang W., Inaguma H., Kamo N., Karita S., Li C., Shi J., Subramanian A., Zhang W. (2020) The 2020 ESPnet Update: New Features, Broadened Applications, Performance Improvements, and Future Plans. 2021 IEEE Data Science and Learning Workshop (DSLW). — P. 1-6. doi: 10.1109/DSLW51110.2021.9523402. (in English)

**Publication Ethics and Publication Malpractice
the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайтах:

www.nauka-nanrk.kz

<http://physics-mathematics.kz/index.php/en/archive>

ISSN 2518-1726 (Online),

ISSN 1991-346X (Print)

Директор отдела издания научных журналов НАН РК *А. Ботанқызы*

Редакторы: *Д.С. Аленов, Ж.Ш. Әден*

Верстка на компьютере *Г.Д. Жадыранова*

Подписано в печать 20.06.2025.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.

20,0 п.л. Заказ 2.